ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 05 наурыз №2301-25-00-2/138 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Меркурий» Меркурий Жанзакович Джармуханбетов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 110 918 теңге тұрақсыздық айбын өндіруді туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілдері С.А.Аязбай, Ж.Кудайбергенов
Жауапкер өкілі М.Джармуханбетов
Прокурор К.Таргинова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 22 қазандағы мемлекеттік сатып алу туралы №97 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «Құлсары қаласындағы ЛЭД экрандарына жөндеу жұмыстарын» жасауға міндеттенген.

Шарттың сомасы – 1 789 000 теңге, шарттың техникалық сипаттамасына сай жұмыстардың орындау мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін деп белгіленген.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, жұмыстар толық көлемде жасалмаған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, нақтылап шартты бұзу туралы талабын қолдамайтындығын айтып, шарттың талаптары тиісті түрде орындалмағанын, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, 110 918 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талапты мойындамай, жұмыстарды жасағанын, алайда аталған ЛЭД экрандарының бес жыл бойына қосылмай тұрғандарын, ішіндегі тоқ сымдары күнге күйіп кеткендерін, ауыстырып барынша қосып бергендігін, алайда ол экрандар жөндеуге келмейтіндігін, жаңасына ауыстыру керектігін түсіндіріп, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор К.Таргинова талап толық қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытындысын берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1.Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) (2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі қолданыста болған) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 22 қазанда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №97 келісім-шарт жасақталған.

Шарттың 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «Құлсары қаласындағы ЛЭД экрандарына жөндеу жұмыстарын» жасауға міндеттенген.

Орындау мерзімі – 2024 жылы 31 желтоқсанға дейін.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде орындалмай, нәтижесінде талап

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 14.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 12.08.2025, судья Дәуешова О. Ш., 19.09.2025
2301-25-3-1/82

қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, қалада орналасқан ЛЭД экрандары дұрыс жасамай тұрғандарын, әлеуметтік желіде халық арасында сөз болғанын айтты.

Жауапкер өкілінің жұмыстар жасалғандығы жөнінде уәждері сотта өз дәлелін тапқан жоқ, жауапкермен сотқа тиісті дәлелдемелер ұсынылған жоқ.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден 110 918 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын анықтады.

Бұл жағдайда, жауапкерден алпыс екі кешіктірілген күн үшін (2024 жылғы 31 желтоқсаннан 2025 жылғы 04 науырзға дейін) 110 918 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 5 294 (3 328+1 966) теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысының төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер «Меркурий» Меркурий Жанзакович Джармуханбетовты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Меркурий» Меркурий Жанзакович Джармуханбетов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Меркурий» Меркурий Жанзакович Джармуханбетовтан мемлекет кірісіне 110 918 (жүз он мың тоғыз жүз он сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы, 5 294 (бес мың екі жүз тоқсан төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 14.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.08.2025, судья Дәуешова О. Ш., 19.09.2025

облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова
Көшірмесі дұрыс
Судья О.Ш.Даурешова
Анықтама
Сот шешімі 2025 жылдың «12» тамызында заңды күшіне енді
Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 14.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 12.08.2025, судья Даурешова О. Ш., 19.09.2025
2301-25-3-1/82